

начать проводиться в цифровых сетях с криптографической безопасностью. Учитывая, что для передачи товаров и услуги, меньше физической инфраструктуры может потребоваться для этого.

Список использованной литературы:

1. Генкин, А. Блокчейн. Как это работает и что ждет нас завтра / А. Генкин. - М.: Альпина Паблишер, 2018. - 14 с.
2. Дрешер, Д. Основы блокчейна / Д. Дрешер. - М.: ДМК Пресс, 2018. - 78 с.
3. Свон, Мелани Блокчейн. Схема новой экономики / Мелани Свон. - М.: Олимп-Бизнес, 2015. - 98 с.

Жаһандану жағдайында стратегиялық жоспарлаудың әдіснамасын нығайту бағыттары

А.О. Мусабекова¹ Ж.Т. Мақыбасова²

¹Менеджмент кафедрасының аға оқытушы э.ғ.м.,
²«Менеджмент»мамандығы бойынша 2 курс студенті
aynash.musabekova.82@mail.ru, makybas00@mail.ru

^{1,2}Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды ғ.

Түйіндеме: Нарықтық экономика жағдайындағы стратегиялық жоспарлау логикасы және заманауи озық тәсілдері қарастырылған. Стратегиялық жоспарлаудың принциптері мен заманауи тәсілдері ұсынылған. Стратегиялық жоспарлау логикасының құрылымдық элементі -қоғам қажеттілігінің құрылымы мен көлемін, оның жоспарлы кезеңіндегі жеке жүйе ішін жан-жақты зерттеу. Баланстық тәсіл ұлттық экономиканың дамуын болжауда және талдауда негізгі құрал болып есептелетіндігі пайымдалған. Экономикалық-математикалық үлгілер мен тәсілдер әлеуметтік жүйелердің тепе-теңдігін қамтамасыз ететіндігі дәлелденген. Макродеңгейде жүзеге асырылатын стратегиялық жоспарлауда мақсаттар мен міндеттер басқарушы партиялардың бағдарламалық нұсқауынан шыға отырып, жобаланатындығы көрсетілген.

Кілт сөздер: Мақсаттар, стратегия, жоспарлау, стратегиялық жаһандану логикасы, тәсілдер, әлеуметтік-экономикалық даму.

Жаһандану жағдайында нарықты тұлғалардың макро және микро деңгейде қалыпты қызмет атқарылуы маңызды шарттарының бірі стратегиялық жоспарлау құралын пайдалану болып табылады.

Стратегиялық жоспарлау логикасының мазмұны оның келесі құрылымдық элементтері арқылы ашылады:

1. Стратегиялық жоспарлаудың субъектісі жоспарлы кезеңде көрсетілетін мақсаттық жүйесін немесе мақсаттар тізбесін қалыптастыру және анықтау (стратегиялық жоспарлаудың логикасының жіберілу тәсілі, оның басты идеясы).

2. Алдағы жоспарланбақты кезеңде стратегиялық жоспарлау объектісінің дамуының орындалу деңгейін талдау және осы кезеңнің басына жетістік деңгейі мен оның құрылымының параметрлерін нақтылау.

3. Стратегиялық жоспарлаудың сәйкес объектісінің функцияларын анықтау нәтижесінде, жоспарланған кезеңде нысандар қажеттілігінің құрылымын және көлемін анықтау.

4. Жоспарлы кезеңнің басындағы және қайтадан құрылатын жоспарлы кезеңдегі ресурстардың құрылымы мен көлемін анықтау.

5. Стратегиялық болжамдар, бағдарламалар мен жоспарлар түріндегі басқару шешімдерін дайындау және қажеттіліктерді маңызы бойынша ранжирлеу, бағамдау негізінде, олардың арасындағы сәйкес келіспеушілікті, уақытша қайшылықтарды шешу арқылы әртүрлі деңгейдегі әлеуметтік-экономикалық жүйеішілік ресурстар мен қажеттіліктерді теңестіру.

Стратегиялық жоспарлау логикасының тізбектелген элементтерінің ішінен әрқайсысының мазмұнын қарастыралық.

Стратегиялық жоспарлау логикасының мазмұны мен мәнін анықтаудан жоспарлы кезеңде сәйкес әлеуметтік-экономикалық жүйелер алдында қойылатын мақсатын қалыптастыру процесі орталық орынды иемденетінін байқаймыз.

Стратегиялық жоспарлауды ұйымдастыру мен басқарудың негізгі принциптерінен басқа, келесі арнайы немесе локальді принциптері бар:

1. Жетекші буындарды бөліп алу негізінде оңтайлы қатынас орнату принципі. Бұл принциптің мәні оңтайлылық критерийін ұстана отырып басқарылатын кіші жүйелердің элементтері арасында тиісті қатынастар орнату. Оңтайлы критерийлер ретінде төмендегілер қолданылуы мүмкін:

- стратегиялық жоспарлау мәселесін шешу үшін қажетті уақыт; жоспарлы шешімдерді жүзеге асыру үшін қажет инвестиция көлемі, немесе қажетті материалдар көлемі;
- жоспарлы міндеттерді шешу үшін қажет адамдар саны.

Макродеңгейдегі жетекші буындар - стратегиялық жоспарлаудың нысандарының құрылымдық элементтері (тіршілік ету сфералары; экономиканың және оның салаларының дамуына әкелетін салалар мен аймақтар, әлеуметтік міндеттерді шешу).

Макродеңгейде - өндірістің жекелеген учаскелері, технологиялық процесстер, маркетингтің, менеджменттің жекелеген бағыттары.

Сыртқы, ішкі жағдайлардың өзгеруіне орай стратегиялық жоспарлау нысандары да, оның жетекші буындары да өзгереді.

Жетекші буындарды бөліп қарастыру - әлеуметтік-экономикалық жүйелерде тепе-теңдіктің болуы үшін қажетті шарттар, олар стратегиялық жоспарлаудың маңызды бағыты.

2. Болжамдардың стратегиялық бағдарламалар мен ережелердің бірлігі және кешенділік принципі. Әр түрлі жоспарлы құжаттардың бірлігі бірінғай көрсеткіштер, бірінғай тәсілдер арқылы қамтамасыз етіледі. Коммерциялық ұйымдардың, стратегиялық жоспарлардың бөлігі, олардың құрылымдық бөлімшелерінің жоспарларының үйлестірілуі арқылы қамтамасыз етіледі.

Болжамдардың, бағдарламалардың, жоспарлардың кешенділігі стратегиялық жоспарлау нысандарының дамуын анықтайтын ішкі және сыртқы факторларда ескеру нәтижесінде жүзеге асады.

3. Стратегиялық бағдарламалар мен жоспарлардың орындалуын және орындалуының тексеруіне мүмкіндік және оларды жасау процесстерін бірлігі принципі.

Бұл принцип талаптарын жүзеге асыру төмендегілерді білдіреді:

- жоспарлы тапсырмаларды атқарушыларға уақытында әкеткізіп отыру;
- экономика және оның элементтердің көзделген параметрлеріне стратегиялық шешімдердің сәйкестігін тексеру;

Көздеген максаттардың және көрсеткіштердің орындалуын тексеру және келесі мәселелерді шешу:

- стратегиялық жоспарлау үрдісінде жіберілген қателіктерді айқындау;
- қолданылмаған ресурстарды, мүмкіндіктерді айқындау және оларды ұдайы өндіріс үдерісіне қосу;
- жоспарланбақшы нысандағы диспропорцияларды байқап, оларды түзету бағытында шаралар қолдану;

- жоспарлы тапсырмаларды орындау барысында пайда болған жаңа қажеттіліктерді айқындау, оларды қанағаттандыру үшін жаңа ресурстарды іздестіру. Тәжірибе көрсеткендей, стратегиялық жоспарлауда, бағдарламаларда, болжамдарда келесі әдістер қолданады. Оларға келесілер жатады:

- стратегиялық немесе эвристикалық тәсіл;
- стратегиялық әлеуметтік-экономикалық тандау тәсілі;
- тікелей инженерлік-экономикалық есептеу тәсілі;
- баланстық тәсіл;
- экономика математикалық тәсілдер мен үлгілер;
- жүйелік талдау мен синтез әдісі.

Эксперттік (бағалау) немесе эвристикалық тәсіл. Олар жанама, толық емес ақпаратқа, индустрияға негізделіп жасалады. Олар нақты келесілерде қолданылады:

а) жалпы әлеуметтік зерттеу негізінде тұрғындардың белгілі бір тобының жоспарлаудағы мәселеге көз қарастары;

б) сарапшылардың жүйелі жұмыстарын ұйымдастыру, сарапшылар тиісті білім салаларындағы жоғары мамандандырылған мамандар;

в) өздерінің ерекше білім жүйелері негізінде сараптама жұмысын ұйымдастыру. Сараптама тәсілдері көбінесе құрылымдық емес және өз құрылымды мәселелерді шешуге бағытталған.

Әлеуметтік-экономикалық талдау тәсілі. Бұл тәсіл әлеуметтік-экономикалық өмірді жан-жақты, толық талдауды көздейді.

Талдау кезінде келесі тәсілдер қолданылады: салыстыру, стратегиялық жоспарлаудың ірі объектілерін таңдамалы зерттеу, топтастыру, баланстық айрмашылықтарды есептеу, индексті есептеу, негізгі компоненттер тәсілі. Әлеуметтік-экономикалық талдау тәсілі барлық деңгейдегі мәселелерді шешуге қолданылады.

Тікелей инженерлік-экономикалық есептеу тәсілі өндіріс көлемінің өсімін жобалау, инженерлік-экономикалық есептеулерге негізделеді. Яғни нарыққа бұл тауар түрінің керектігі, оны өндіру мүмкіндіктері. Өндіріс кәсіпорында мұндай есептеулер келесілерді өз бойына кіргізеді: өндіріс күшін қолдануды жақсарту, шикізат, материал, жанармай, энергия, еңбек ресурстары (персонал); өнімнің өзіндік құнын төмендету және т.б.

Инженерлік-экономикалық есептеулер нормалар жүйесіне негізделетін. келесі топтар қолданылады:

1. Өндірістің негізгі қорын қолдануға негізделген норма.
2. Айналым құралдарын (шикізат, материалдар) қолдануға негізделген норма.
3. Еңбек күшінің жұмсалуды және бұйымның өнімділікті (өндіру нормасы, еңбек уақытын жұмсау нормасы) нормасы.
4. Өндіріс процестерін ұйымдастыру нормасы (құрал-жабдықты жөндеуге кеткен уақыт, шикізат қорының жинақталуын, материалдар және т.б.)
5. Өнім сапасының нормасы (өнімде пайдалы заттардың болуы, сенімділік көрсеткіші және т.б.)
6. Капитал салымдарының өлшемі, капиталдың қамтылу нормасы және с.с.
7. Өндіріс және айналым шығындарының нормасы, рентабельдік нормасы.

Инженерлік-экономикалық есептеу әдістері стандартты және құрылымдық мәселелерді шешуге қолданылады.

Баланстық тәсіл. Стратегиялық жоспарлаудағы баланстық тәсіл болып: бір-біріне тәуелдік көрсеткіштердің тұтастығын, байланысын қамтамасыз ететін әдістер жиынтығы түсініледі.

Оның көмегімен келесіні жасауға болады: елдегі қаржылық және материалдық ағымдардың бағытын, экономикадағы материалдық-заттық және бағалық пропорцияларын, болашаққа олардың сандық параметрлерін анықтауға, әлеуметтік-экономикалық жүйенің тепе -теңдігі туралы ақпарат алуға, қоғам қажеттілігін қамтамасыз ету үшін материалдық негізді құру және т.б.

Фирма деңгейінде қолданылатын баланстар келесілер туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Олардағы өндіріс күшінің барлығы, жоспарланатын деңгейге олардың динамикасы, қолданылу деңгейі, маркетингтік мониторингте фирма өнімін өндіруді жоспарлау, құралдардың және өндіріс қуаттарының өндірісте қолдануды уақыты туралы нақты ақпарат алуға, персоналдық жұмыс уақыты, оның құрылымын және экономикадағы бағыттарын, фирманың жоспарын бюджеттік дайындауға, оның алдында тұрған басқа да мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Экономикалық-математикалық үлгілер мен тәсілдер. Стратегиялық жоспарлау тәжірбиесінде экономикалық-математикалық модельдер ерекше орын алады. Стратегиялық жоспарлауда қолданылатын экономикалық-математикалық модельдердің негізгісі: ұлттық шоттар жүйесі, «шығын-өндіру» баланстық кестесі, салааралық өндіріс балансын және өндіріс және қызметті болу, қаржылық ресурстармен шығындар балансын, техника-өндірістік қаржылық жоспардың матрицалық үлгілері, модельдер және т.б.

Экономикалық-математикалық үлгілер мен тәсілдер құрылымдық және күрделі құрылымдық мәселелерді шешуге негізделген. Сызықтық бағдарлау арқылы өндірістік жоспарлаудың мәселелері шешіледі.

Экономикалық тәуелділіктердің көбісі сызықтық, динамикалық, стохастикалық бағдарламалар (параметрлік) дамуын тапты.

Жүйелік талдау және синтез әдісі. Жүйелік талдау мен синтез әдісінің стратегиялық жоспарлауда қолданылатын ерекшелігі экономикалық жүйелерді, олардағы бөлшектерді бөлу, талдау, соның негізінде негізгі буындар, «әлсіз жақтар», дамудағы негізгі мәселелер анықталады.

Ұйымның талдау негізінде жаңа жоспардың бастапқы позициялары анықталады. Талдау мен синтез әдістемелік біртұтастықты құрайды. Жүйелік талдау мен синтез тәсілі стратегиялық жоспарлаудағы барлық мәселелерді шешуге қолданылады.

Басқарудың және стратегиялық жоспарлаудың кез келген мәселесін шешу нақты бір логиканы талап етеді.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму тұжырымдамасын жасау процесінде басқарманың сәйкес субъектілерінің бағдарламалық нұсқауынан басқа да келесідей

болжамды жұмыстардың материалдары қолданылады: а) ғылыми-техникалық прогресс және оның әлеуметтік-экономикалық зардаптары; б) экономикалық өсім және құрылымдық өзгерістер; в) табиғатты пайдалану масштабы мен қоршаған орта (экология) сапасының өзгерісі; г) ішкі экономикалық жағдайлардың өзгерісі. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының тұжырымдамасы нақтылықтың қажетті дәрежесін иемдену үшін тұжырымдама мазмұнын нақтылайтын және жобалайтын әлеуметтік-экономикалық міндеттер бөлініп көрсетіледі [1, с. 1].

Жоспар алдындағы кезеңде стратегиялық жоспарлау объектісінің жағдайының басталу деңгейін анықтау - жоспарлау логикасының екінші маңызды процедурасы. Бұл процедураның мәні жоспар алдындағы кезеңде болған қолдағы өндіріс қуаттылығымен, еңбек ресурстарымен және өндірістің басқа факторларымен алдын ала анықталған шамада, жылдың соңғы базистік кезеңінде фирмалардың, корпорациялардың, ұлттық экономиканың даму фактісімен анықталады.

Ұлттық экономиканың даму деңгейін талдау даму қарқынын кешенді зерттеуді, әрбір сала ішіндегі құрылымдарды, салалар арасындағы, аймақтар шекарасында, аймақаралық және мемлекет аралық пропорцияларды қамтиды. Жоспар алдындағы кезеңде әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін бағалау елдің Ұлттық экономикасының жағдайын талдау мен аяқталады. Әлемнің барлық елінде дамушы экономикалық қатынастарда ұқсас көрсеткіштермен осы деңгейді салыстыру уақытында жүзеге асырылады [2, с. 5].

Микродеңгейде келесі процестерде сыртқы және ішкі ортаны талдауды жүзеге асыру түсіндіріледі: ұйымның әлеуетін қолдану, оның әлсіз және әлді жақтары; мүмкін бәсекелестер оның болжамды іс-әрекеттері; салалардың бәсеке ортасының жағдайы, оның даму перспективалары; қозғаушы күштер; макроортаның құрамы, оны құрастырушылар және оның ұйымдарға әсері (ереже ретінде талданады: әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, саяси және технологиялық құрастырушылар).

Қоғам қажеттілігін әртүрлі тауарлар мен қызметтерде анықтау стратегиялық жоспарлау логикасының маңызды процедурасы болып табылады, кез келген фирма, корпорация, қоғамдық институттар адамдар қажеттілігін қанағаттандыру үшін пайда болады және қызмет атқарады. Қажеттілік - бұл адам: біріншіден, жеке биологиялық ерекшелігімен; екіншіден, қоғам жүйесінің құраушы бөлігі (элементі) болып табылатынын; үшіншіден, сыртқы ортамен (қоғаммен, тірі және өлі табиғатпен) - өзара әрекет етуші ретінде өмір сүруінен туындайтын адамның (адамдар тобы, жалпы қоғам) спецификалық жағдайы.

Қоғам қажеттілігі - бұл қиын, полиқұрылымдық, динамикалық жүйе. Оның ішкі жүйелері болып келесілер табылады:

- а) материалды игіліктердегі қажеттіліктер;
- б) материалды емес қажеттіліктер.

Материалды қажеттіліктердің ішкі жүйесі маңызды заттай формасын иемденетін игіліктегі қоғам қажеттілігін көрсетеді. Оның негізгі элементтері болып өндіріс (ағымдық) қажеттілігі, жинақ қажеттілігі, халықтың өндірістік емес қажеттілігі, ғылыми мекемелердің қажеттілігі табылады.

Материалды емес қажеттіліктердің ішкі жүйесі заттай формасы жоқ қызметтер нәтижесінде, ұлттық экономика саласында құрылған рухани әлеуметтік игіліктерде қоғам қажеттілігін көрсетеді.

Қоғам өмір сүрі үшін және даму үшін оның қажеттілігінің міндетті элементі болып экономиканың нақты секторы (оның құрамына материалды-заттай формада игіліктер өндіретін кәсіпорындар кіреді) деп аталатын салалық қажеттіліктер табылады. Қоғамның жұмыс уақыты мен негізгі капиталдың (өндірістік қуаттылық) элементтер бөлігі өндірістік қажеттілігінің иемденуші мөлшеріне кететін өнімді, ауыл шаруашылық және өнеркәсіпте өндіретін кәсіпорындар қызметін қамсыздандыру үшін шығындалуы қажет [3, с. 59].

Ағымдағы өндіріс қажеттілігі «Ресурстар және қолдану» балансындағы ақпараттар негізінде анықталады. Бұл баланс ішкі нарықта өнімді пайдаланудың толық көлемін анықтауға мүмкіндік береді. Ол өнім және отын ресурстарының басты түрлерінің кенішінде табиғи түрде құрастырылады. Оның қағидалы сызбасы келесі түрді иемденеді.

Кесте 1

«Ресурстар және қолдану» балансының жалпы сызбасы

I. Ресурстар - барлығы	II. Қолданылғандар – барлығы
оның ішінде: өндірістік	оның ішінде: ішкі нарықта
импорт	экспорт
жылдың басындағы қорлар	жылдың соңындағы қорлар

Тұтытуда халық қажеттілігінің анықталу маңызды орын алады. Тұтынудың базистік деңгейі ҰШЖ (ұлттық шоттар жүйесі) статистикасының, халық бюджетінің, ауыл шаруашылық өнімінің, тауар айналымының, қызмет көрсету сферасының статистикасы негізінде анықталады. Перспективаға есептеу үшін нақты қолда бар ақшалай табыстар, жинақтық мүмкін динамикасын, ең төменгі құн көрістің, тұтынудың ғылыми және рационалды нормаларын, баға деңгейімен табыс өсіміне тәуелді тауарлар мен қызметтерге сұранымның икемділік коэффициентін, азық-түлік ресурстары балансының мәліметтерін есептеу қолданылады. Халықтың саналы қажеттіліктерін қамтамасыз ететін негізгі азық-түлік және азық-түліктік емес тауарлардың тұтыну нормалары ұзақ мерзімді перспективаға жоспарлы есептеуде, сонымен қоса, тауарларды тұтынудың нақты жетілген және болжамдалған деңгейімен салыстыру үшін бағыттаушы ретінде қолданыла алады.

Ғылыми мекемелермен қажетті, материалды ресурстардың қажеттілігі олардың зерттеу жұмыстарының перспективаларынан шыға отырып анықталады [4, с. 327].

Қажеттілікті қанағаттану шаруашылық субъектілерде, қоғамда сәйкес ресурстардың болуын болжамдайды. Олардың көлемін есептеу стратегиялық жоспарлау логикасының төртінші элементінің мазмұны болып табылады.

Қоғам ресурстары - бұл оның әлеуеттері: табиғи-ресурстық, еңбектік, ғылыми-техникалық, экономикалық, әлеуметтік, рухани, сыртқы саяси. Әлеует (латын тілінен: потенция, сила, мощь)- қандай да бір облыста қаражаттар мүмкіндігін иемденетін жиынтық. Әлеует қоғам құрылымын аналогиялық типология ретінде жіктейді. Стратегиялық жоспарлау үшін үлкен мәнді келесі жіктемелер иемденеді:

а) қоғамның өмір сүру сферасы бойынша: экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, рухани, саяси, құқықтық;

б) өндіріс күшінің элементтері бойынша: табиғи-ресурсты, еңбектік, ақпараттық, техникалық, ұйымдық;

в) ұлттық экономиканың салалары бойынша:

өнеркәсіптік, құрылыстық, аграрлы, көліктік, қаржы-несиелі, әлеуметтік-инфрақұрылымдық;

г) аймақты таксоном бойынша:

федерация, қалалар, аудандар, аймақтар және т.б. субъектілері.

Қоғамға жатқызылатын ресурстар, оның жоспарлы кезеңдегі жеке жүйе ішімен тұтынымдық элементтері екі топтан тұрады:

А) қолдағы ресурстар;

Ә) жоспарлы кезеңде құрылатын ресурстар;

Ағымдық (оперативті) жоспар үшін қолдағы ресурстар басты орын алады. Орта мерзімдік стратегиялық жоспарлауда ресурстардың екі түрінің де маңыздылығы бірдей. Стратегиялық ұзақ мерзімді жоспарлауда жоспарлы кезең ішінде құрылған ресурстар шешуші мәнді иемденеді.

Қоғамдық және жеке тұтынуды кешенді есептегеннен кейін және экономикалық, әлеуметтік және рухани дамуы үшін қоғамға жатқызылатын ресурстарды анықтау, сонымен қатар шаруашылық субъектілер перспективада олардың қалыпты жұмыс істеуге қамтамасыз етуі үшін өте ауыр жұмыс - ресурстар мен қажеттіліктерді өзара оптимальді сәйкестікке әкелуге келісімдік келеді. Бұл стратегиялық жоспарлау логикасында ақырғы саты болып табылады.

Жоспарлы кезеңде ресурстар көлемі әрқашан бар, кейбір соңғы шама, келісімге басты мәселені болып қоғамның және оның шаруашылық субъектілерінің барлық ресурстық әлеуетінің, өндірістің тиімділігін қамтамасыз ету табылады. Бұл сатыда маңызды белгісі бойынша қажеттіліктерді топтастыру, бағамдау, қажеттіліктерді қанағаттандыруда басымдық жүйені бөліп көрсету үлкен мәнге ие. Тек қана қажеттілік пен ресурстар арасындағы сәйкестік негізінде стратегиялық жоспарды қалыптастырып және болжамдау жұмысын аяқтауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан — 2050» // Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы. - Астана, 14 желтоқсан, 2012 ж.

2 «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» // Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Астана, 31 қаңтар, 2017 ж.

3 Әл-Карени (Каренов) Р.С., Қазбеков Т.Б., Иманбекова А.М., Ахметова А.С., // Стратегиялық басқару.

4 Брайман Алан. // Әлеуметтік зерттеу әдістері. II том Алматы, 2016. – 456 б.